

Қазақстан Республикасының аумағына қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкелудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1997 жылғы 13 мамыр N 132 Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 13 мамыр N 125-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 24 тамыз N 583 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

Соңғы уақытта республикада объектілерді күзетуге арналған техникалық құралдарды әкелуге, монтаждауға және пайдалануға мамандандырылған әртүрлі мемлекеттік және құралымдардың қызметі кеңінен тарады. Олардың кейбіреуі бұл мәселелердегі қадағалаусыздықты пайдаланып республикаға аз зерттелген, жергілікті жағдайларға бейімделмеген қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкеледі, осылайша олардың қылмыстық қол сұғудан сақталуын алдын ала қамтамасыз етпестен, оларды мемлекеттік объектілерде, банк мекемелерінде және басқа да айрықша маңызды объектілерде монтаждауды жүзеге асырады. Республикаға акпараттарды рұқсатсыз түсіріп алуға, тыңдауға және құжаттандыруға мүмкіндік беретін қос мақсаттағы техникалық құралдардың әкелінуі фактілері бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 ақпандағы N 268-12қ қаулысымен Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік кеден комитетіне қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды республиканың аумағына әкелуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз ету ұсынылды.

Қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілерді күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды және оқшауландырылған үй-жайларды әкелуді реттеу мақсатында

бұйырамыз:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметі бас басқармасы:

- Қазақстан Республикасының аумағына қауіпсіздік жүйелерін,

аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкелуге арналған бір жолғы рұқсаттың нысанын әзірлесін;

- өнімнің осы түрлерін әрбір әкелуге біржолғы рұқсатты міндетті алу туралы Қазақстан Республикасының аумағына қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкелуді жүзеге асыратын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің назарына жеткізілсін;

- үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін кезеңде қызметтің осы түрін жүзеге асыратын кәсіпорындарды анықтау және есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын. Оларды лицензиялауды және оларға қатысты өзге де заңдарда көзделген шаралар қабылдауды жүзеге асырсын;

- қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкелуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді 1997 жылдан бастап күзетілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы ішкі істер органдарының мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелеріне күзетуге беруге жататын меншіктің түрлі нысандарындағы объектілерде және пәтерлерде қолдану ұсынылған өрт және күзет белгі берушілерінің техникалық құралдарының тізбесімен қамтамасыз етсін;

- қажет жағдайларда әкелінетін қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды сараптық бағалауды Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті мен оның б ө л і м ш е л е р і :

- 1997 жылдың 1 тамызынан бастап Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметінің біржолғы рұқсатын ұсынбаса кедендік ресімдеуге т ы ы м с а л ы н с ы н ;

- республикаға заңды және жеке тұлғалардың қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды іс жүзінде әкелуі туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметінің бас басқармасына ай сайын хабарлап отырсын;

- республикаға әкелінетін қауіпсіздік жүйелерінің, аппаратуралардың, жабдықтардың, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге

арналған басқа да техникалық құралдардың жекелеген партияларын кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметі бас басқармасының мамандарының қатысуымен жүргізсін.

3. Мемлекеттік кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметінің бас басқармасы қауіпсіздік жүйелерін, аппаратураларды, жабдықтарды, объектілер мен оқшауландырылған үй-жайларды күзетуге арналған басқа да техникалық құралдарды әкелудің тәртібін түсіндіру жөнінде жұмыстар жүргізсін.

4. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау:

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік күзет қызметі бас басқармасының бастығы, милиция полковнигі В.П. Канға;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінен - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының орынбасары, I рангы кеден қызметінің кеңесшісі В.Д. Кирдановқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі - ішкі
әскерлерінің қолбасшысы
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кеден
комитетінің төрағасы,
III рангы кеден
қызметінің мемлекеттік

кеңесшісі